

ШЖҚ Облыстық жүқпалы аурулар ауруханасы КМК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы

№ 9 хаттама

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру маңызды

Өткізілген күні: 25.11.2024 жыл

Төрағасы: Ниязбеков У.А.

Комплаенс офицер Ермектасов Р.Ж.

Күн тәртібі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру маңызды
Жауапты: комплаенс офицер Ермектасов Р.Ж.

Сөз алды: ШЖҚ Облыстық жүқпалы аурулар ауруханасы КМК комплаенс офицер Ермектасов Р.Ж.- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру маңызды атты тақырыпта баяндама оқыды.

Қоғамда тамырын теренге жайып, өкінішке карай, көптеген тың бастамаларға тұсау болып, әр отбасының әл-ауқатына, мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік дамуына, кез келген салада жетістікке жету жолындағы ең үлкен кедергіге айналып, кері әсерін тигізетін мәселенің бірі – сыбайлас жемқорлық. Яғни, бұл – қоғам дерти.

Аталған қылмыс түріне бару – болашакқа балта шауып, Отанға опасызыздық жасаумен тең. Өйткені жен ұшымен жалғасқан жемқорлық бар жерде ұлттық қауіпсіздікке де үлкен қатер төніл тұрары сөзсіз. Сондықтан Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – осы індетпен халық болып күресу. Жемқорлық сынды жымыскы әрекетке бару ең алдымен адами фактор, яғни әр азаматтың таным-түсінігіне, рухани кемелділігі мен ой-өрісі, сана-сезіміне тікелей байланысты болғандықтан жемқорлықпен күресте негізгі тетік – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет денгейін қалыптастыру екені анық. Бұл – дамыған елдердің тәжірибесінде он бағаланған, нәтижелі әдістің бірі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра отырып, қоғамдық сананың өзгеруіне тұрткі боламыз. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, занды және заңсыздықтың шеғін көрсетіп береді. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінездүліктердің қамтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді.

Жоғарыда айтқанымдай, сыбайлас жемқорлық – қоғамның дерти. Ал қоғамды құрушы – адамдар, яғни біздің әрқайсымыз. Демек, бұл дертпен күресуде әрқайсымыздың рөліміз, әрқайсымыздың әрекетіміз маңызды. Моральдық-адамгершілік, этикалық мәдениетті тәрбиелеп, құқықтық сауаттылық негіздерін, мұдделер қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілікті, ескелен үрпактың жастайынан құқықтық санасы мен мәдениетін

қалыптастыру, отансүйгіштік бағыттағы құндылықтар негізінде тәрбиелеу азбал. Сондыктан жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция әрбірімізде болуы керек. Мұның бәрі елімізде құқықтық мемлекеттің іс жүзінде орнауына, заның ұstemдігіне, әр адамның қауіпсіз өмір сүруіне, қоғамдық тәртіптің нығауына, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына, ең бастысы ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұракты дамуға жол ашады. Әрине, бұл жерде ашықтық пен жариялықтың да орны маңызды.

Казақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл» туралы Занында «Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында зансыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу» деген акпарат берілген. Осы орайда мемлекеттік көрсетілетін қызметтер алуда мемлекеттік қызметшілер мен жеке және занды тұлғалардың тікелей байланысын азайту мақсатында соңғы жылдары электронды қызмет көрсету форматы кеңінен өріс алды. «Ашық әкімдік», «Адалдық аланы» сынды жобалардың да көздегені – сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін жойып, халыққа адал қызмет көрсету. Электронды мемлекеттік қызмет форматы арқылы халыққа көрсетіletіn мемлекеттік қызмет сапалы, тиімді, әрі колжетімді болды. Ғаламтор жүйесі арқылы көрсетіletіn мемлекеттік қызмет сыбайлас жемқорлық бағытындағы заң бұзушылықтардың көлемін біршама азайтатынын тәжірибе көрсетіп отыр.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – үлкен мөлшерде енетін ауру және одан емделіп шығу ұзакқа созылады. Оған қарсы күшті дәрі қолданбаса, жемқорлықтан арылу мүмкін емес. Сондыктан біз барлық қажетті шараларды жалғастырамыз!» демекші, қоғамдағы осынау орасан күшке ие жемқорлықпен күрес дамылсыз жалғаса бермек. Оны жену сіз бен бізге ғана байланысты екенін естен шығармайык!

Шешімі:

1 ШЖҚ Облыстық жүкпалы аурулар ауруханасы КМК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру маңызды атты такырыпта баяндамамен танысып одан әрі жұмыс барысында колдануға ат салысады .

Төраға: Ниязбеков У.А.

Комплаенс офицер Р.Ж. Ермектасов Р.Ж.

Жиналыс хаттамасымен танысу парагы 25.11.2024 жыл

№	ФИО	қызметкер атауы	қолы
1	Хусайнбай Н	программист	Н/
2	Алжан Ч.Х.	враг тибенин	Т/С
3	Кимбабеков А.С	бухгалтер	П/Б
4	Даршукхаметова Н. С.	расч. бухг	Н/Б
5	Скакова Д.Е.	ш. бухг	Д/Б
6	Рынисова, Н.Ч.	госбакун	Н/Б
7	Мукминбек Т.Р.	затхев	З/Б
8	Доханова А.Д.	те-хумидин	Н/Х
9	Депаласкурова Г.А	ага баба к/б	Б/Б
10	Акбуришев Р.Е.	бабу маду	Б/Б
11	Абдуреверов А.Р	з.е.е	Н/Б
12	Кишиев А.Р	жигитов А.	А/А
13			
14			
15			
16			
17			
18			
19			
20			
21			